



ТУРАЛЫ- ҚАЗАЛЫ

№11
(2286)
Сенбі
8 ақпан
2025 жыл

Аймақтық
ақпараттық-
танымдық
басылым

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНА ТАРАЙТЫН ГАЗЕТ

ҚАЗАЛЫ АУДАНЫНДА ОБЛЫС ӘКІМІНІҢ ЖЕКЕ ҚАБЫЛДАУЫ ӨТТІ



Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев Қазалы ауданына жұмыс сапары кезінде құқық қорғау органдарының басшыларымен бірге аудан әкімдігінде тұрғындарды жеке қабылдады. Қабылдауға келген 87 азамат «Қарлаң» және басқа да көпірлердің құрылысын жалғастыру, әлеуметтік нысандарды салу, тұрғын үй, электр, газ желісін тарту, әлеуметтік көмек, жер телімі, аяқ су тарту, жұмысқа орналасу, денсаулығына байланысты мүгедектік алу, тағы басқа мәселелерді көтерді.

Облыс әкімі мен құқық қорғау органдарының басшылары азаматтар қойған сауалдарды жан-жақты қарап, заң аясында тиісті түсіндірме берді. Әйтеке би кентінің тұрғыны аудан орталығындағы тарихи ғимараттарды жаңғырту мәселесін көтерді. Аймақ басшысы бұл нысандардың тарихи-мәдени құндылығын, оларды келешек ұрпақ кәдесіне жарату үшін жұмыстар қолға алынатынын айтты. Сондай-ақ, қабылдауға келген тұрғын Қазалы ауданының

сол жағалау алабының 1-ГД, 2-ГД, К-3-2 қашыртқылар жүйесін қайта жаңғырту мәселесін қозғады. Облыс әкімі бұл мәселе назарында екенін, сол жаға массивінің инженерлік жүйесін қайта жаңғыртуға облыстық, аудандық бюджеттен қаржы бөлініп, жоба әзірленіп, сараптаманың оң қортындысы алынғанын атап өтті. Құқық қорғау органдарының басшылары келушілерді тыңдап, қойған сауалдарына қатысты заңдық кеңес берді. Барлық мәселе жан-жақты та-

разыланып, заң аясында шешім шығарылатынын айтты. Кейінгі жылдары дәстүрге айналған осындай қабылдаулар алдағы уақытта Арал және Қармақшы аудандарында ұйымдастырылады. Қабылдаудан кейін облыс әкімі еңбек ардагерлерімен және зиялы қауым өкілдерімен кездесіп, өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуындағы кейбір мәселелерді талқылады. **Қызылорда облысы әкімінің баспасөз қызметі**

ӨНЕРІМЕН ӨРКЕНДЕГЕН ӘУЛЕТ

Өмірлерін өнер жолына арнап кеткен күйші, қобызшы Махамбет және Раманқұл Әуезовтердің ізін жалғастырып, мәдени мұрасын сақтап,

ұрпақтан-ұрпаққа насихаттап жүрген «Әуезовтер» халықтық отбасылық ансамблі барша Қазалы жұртына белгілі.

Отбасылық ансамбль Әйтеке би кентіндегі Роза Бағланова атындағы аудандық мәдениет орталығында «Өнерімен өркендеген әулет» атты

шығармашылық кешін өткізді. Шығармашылық кеште аудандық мәслихаттың төрағасы Ғазиз Әліш құттықтау сөз сөйлеп, отбасылық ансамбльге аудан әкімі Мейрамбек Шермағанбеттің «Құтықтауын» табыстады. Концертте «Әуезовтер» халықтық отбасылық ансамблі М. Әубәкіровтің «Наркескен», Құрманғазының «Қызыл қайың», Өлшекейдің «Терісқақпай», Мырзаның «Мерке» күйлерін, композитор С.Әліштің «Батыс әуендері», Е.Кішкенеевтің «Нұрғұл» вальсін және Моцарттың «Рондо» және басқада шығармаларды орындап көрермен қауымға көтеріңкі көңіл-күй мен рухани демалыс сыйлады.

Кеште ансамбльдің жетекшісі, ҚР мәдениет саласының үздігі бүкілодақтық, халықаралық, республикалық конкурстарының лауреаты, музыкант, қобызшы, ансамбль жетекшісі Арман Әуез сөз сөйлеп, ансамбльдің қалыптасу жолы мен дамуына тоқталып, ұлттық өнердің ұлы мұрагері болу үлкен жауапкершілік екенін жеткізді. Кеште аудандық Қорқыт ата атындағы балалар өнер мектебінің директоры С.Әліш ансамбль өнеріне жылы лебізін білдіріп, Өнер мектебінің атынан «Алғыс хатын» табыстады.

Қазалы ауданы әкімдігінің баспасөз қызметі



АТҚАРЫЛҒАН ЖҰМЫСТАР, АЛДАҒЫ МІНДЕТТЕР АЙҚЫНДАЛДЫ

Қазалы ауданы әкімдігінің баспасөз орталығында аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының басшысы Майра Ршымбетова мен «Ұлттық сараптама орталығы» Қызылорда облыстық филиалының Қазалы аудандық бөлімшесінің меңгерушісі Азиза Қосымова брифинг өткізді.

- Аудандық эпидемиологиялық ахуалына байланысты жүргізілген бақылау жұмыстары жайлы атап өтсек, 2024 жылы күннің суытуымен байланысты, ауа тамшылары арқылы тарайтын жұқпалы аурулар- жедел респираторлы вирусты инфекциямен 6145, қызылша ауруымен 61, туберкулез ауруымен 49, жел шешек ауруымен 43, скарлатинамен 5, коронавирус ауруымен 3, тағам, су және тұрмыстық қарым-қатынас арқылы тарайтын жұқпалы аурулар- вирусты гепатит «А» ауруымен 2, жедел ішек инфекциясымен 3, мерез ауруымен 5, паразитологиялық аурулар- энтеробиоз ауруымен 3, дерматомикоз ауруымен 34, қышыма ауруымен 12, жәндіктердің шағымымен тарайтын жұқпалы аурулардың ішінен риккетсиоз ауруымен 1 адам тіркелді.

Аудан бойынша 2024 жылы аса қауіпті аурулар, оның ішінде құтырма, Конго Қырым геморрагиялық қызбасы, оба аурулары және күдікті жағдайлар тіркелген жоқ. Алайда, кене шағумен 23 адам медициналық көмекке жүгінді. 14 күн бойы дәрігердің бақылауында болып, ыстығы көтеріліп, ауруға күдікті, денсаулығына шағымдары болмаған.

Конго Қырым геморрагиялық қызбасы ауруының алдын алу мақсатында ауданның 42 елді мекенінен 3010 кене жиналып, оның ішінде 50 кенеден оң нәтиже анықталып, 19 елді мекен қолайсыз аймақ болып танылды. Анықталған қолайсыз аймақтардың барлығына профилактикалық іс-шаралар жүргізілді.

Ит, мысық, жануарлардың тістеуінен, тырнауынан жарақат алған 121 адам тіркеліп, жарақат салған белгілі жануарларға байланысты іс-шара жүргізу үшін полиция, ветеринариялық бөлімге хаттар жолданып, атқарылған жұмыстар туралы жауаптары алынды.

Тіркелген жұқпалы аурулардың 162 ошағына эпидемиологиялық зерттеп-тексеру жұмыстары жүргізіліп, лабораториялық зерттеуге 217 сынама алынып, нәтижесінде сәйкессіздік анықталған жоқ. Медицина қызметкерлерімен бірлесіп, қарым-қатынаста болған адамдарға бақылау жүргізіліп, медициналық көмек көрсетілді. 91 ауру ошағында залалсыздандыру жұмыстары жүргізілді. Профилактикалық іс-шаралар жүргізу туралы 441 қаулы шығарылды.

Қазалы ауданында жұқпаларға қарсы жүргізілген бақылау жұмыстарының нәтижесінде алдын ала егу жұмыстары вирусты гепа-

тит В, күрөзек, полиомиелит, қызылша, қызамық, паротит және обаға қарсы жүргізіліп, менту сынамаалары қойылды. 17596 адам егумен қамтылды.

«Е-лицензия» ақпараттық жүйесі арқылы басқармаға жеке және заңды тұлғалардан объектілердің санитарлық талаптарға сәйкестігі туралы санитариялық-эпидемиологиялық қорытынды алуға 107 өтініш түсіп, оның 62-сі санитариялық-эпидемиологиялық қорытынды алып, 269-сы дәлелді бас тартқан.

«Е-өтініш» ақпараттық жүйесі арқылы 32 арыз-шағым қабылданды. Жеке тұлғалардан 23, заңды тұлғалардан 9 арыз түсті. Білім бөлімінен 15, медицина саласынан 2, тағамдар сапасы жайында 4, құрылыс саласынан 8, мәдениет саласынан 1, коммуналдық қызметтен 2 өтініш келіп түсті. Тіркелген өтініштер жөнінде тиісті жұмыстар атқарылып, арыз-шағымдардың иелеріне жауап уақытылы қайтарылып, қанағаттандырылды.

Басқарма қызметкерлері 449 объектіге профилактикалық бақылау жүргізді. Оның ішінде 285 нысанның эпидемиологиялық мәні жоғары болса, 164 нысан эпид маңыздылығы аз нысандар.

Профилактикалық бақылаудың қортындысы бойынша санитариялық талаптарды орындамаған 7 объекті, 2 наубайхана, 1 ет өңдеу цехы, 4 қоғамдық тамақтану орындарын Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу басқармасына тіркеу арқылы тексеру жүргізу жоспарланды.

Прокуратура қаулысына сәйкес 133 объекті, оның ішінде 2 ветеринариялық зертхана, 37 мектеп, 37 жеке кәсіпкерге қарасты мектеп асханасы, 31 балабақша, 3 коледж, 21 емдеу-сауықтыру ұйымдары, 2 аурухана дәріханасы тексерілді.

Аталған тексерулердің нәтижесімен 81 әкімшілік хаттама толтырылып, оның ішінде 4 заңды тұлғаға 3 396 640 теңге және 77 жеке тұлғаға 4 264 260 теңге, барлығы 7 660 900 теңге көлемінде айыппұл салынып, өндірілді.

Жоспардан тыс тексеру қортындысымен 2 хаттама, жоспарлы тексеру қорытындысымен 13 хаттама, прокуратура қаулысымен 66 хаттама толтырылды.

2024 жылы тағам қауіпсіздігінің алдын алу мақсатында мемлекеттік сатып алу жұмыстары жүргізілді. 36 өнім сатып алынды, оның ішінде 31 сынама тағам өнімдері, оның 7-сінен сәйкессіздік анықталды. Сонымен қатар, 5 тағам емес өнімдер алынып, оның 1 еуінен сәйкессіздік анықталды. Анықталған сәйкессіздіктер таңбалануы бойынша (мемлекеттік тілде көрсетілмеген) анықталғандықтан жеке кәсіпкерге жедел ден қою шараларымен ұсыным берілді.

Ұсынымға байланысты сәйкес емес өнімдер сөрелерден алынып тасталып, тағамдардың қауіпсіздігін растайтын ілеспе құжаттарымен толықтырылды.

Аудан тұрғындарына, жеке кәсіпкерлерге, медициналық қызметкерлерге, білім беру ұйымдарының мамандарына инфекциялық және паразитарлық аурулардың алдын алу мақсатында 62 семинарлық сабақ жүргізілді. 4 акция, 624 лекция оқылып, 76 радиолекция, 1204 әңгіме өткізілді. Сонымен қатар, бұқаралық ақпарат құралдарына 57 мақала, әлеуметтік желілерге 3220 ақпарат постар жарияланып, 1430 парақша таратылды.

Басқарма бойынша «Тұрғындарды қабылдау», «Сенім телефоны», «Ашық есік» күндері жергілікті ақпарат құралдарына, әлеуметтік желілерге жарияланған.

Аудан бойынша мемлекеттік бақылау мен қадағалауға жататын өнімдер мен эпидемиялық мәні бар 550 объектіге профилактикалық бақылаудың сапалы жүргізілуін қамтамасыз етеміз. Талаптарға сәйкестікті тексеру жоспарын толық және сапалы орындау мақсатында жұмыстар атқарылады. Өнім қауіпсіздігін бақылау мақсатында Департаменттен бөлінген қаржыны толық игеріп және сатып алу жұмыстарының уақытылы жүргізілуін қамтамасыз ету; қоршаған ортаның адам өміріне қауіпсіздігін бақылау мақсатында зертханалық тексеру жоспарының толық орындалуын қамтамасыз етіп, аудан тұрғындары арасында санитарлық-ағарту жұмыстарын кеңінен жүргізуді мақсат тұтып отырмыз, - деді брифингте баяндама жасаған Қазалы аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының басшысы Майра Ршымбетова.

-«ҰСО» ШЖҚ РМК-ның Қызылорда облысы бойынша филиалының Қазалы аудандық бөлімшесінде өткен жылы бекітілген ұйымдастыру жұмыстарының жоспарына сәйкес аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасымен бірлесе жұмыстар атқарылды. Бөлімшеде санитарлық-гигиеналық зертхана, электромагнитті өлшеулер, улы заттарды анықтау, бактериологиялық және паразитологиялық зерттеулер зертханасы, радиологиялық зерттеулер, аса қауіпті инфекциялар және ауыр металлдар тұздары, ауадағы зиянды заттарды анықтайтын зерттеулер, дезинфекция, дезинсекция және дератизация қызметтері, паразитарлық аурулардың және аса қауіпті аурулардың тасымалдағыштарына (кене, масса, москит) қарсы -энтомологиялық бөлімдері жұмыс істейді.

Жаңа қондырғымен жабдықталуымызға байланысты ауадағы зиянды заттарды анықтайтын «ГАНК-4» жаңа қондырғысымен 3 жаңа

әдістемелер енгізілді. Аудандық бөлімшеде медиа жоспары бойынша жыл көлемінде 16 семинар, оның ішінде аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасымен бірлесіп 9 семинар, 14 техникалық оқулар өткізіліп, бұқаралық ақпарат құралдарында 7 мақала жарияланып, 45 дәріс оқылды. 20 брошюралар халық арасында таратылды.

Сынама қабылдау бөлімі (ОПП) арқылы зертханалар мен бөлімдерге заңды тұлғалардан 14 өтініш, жеке тұлғадан 105 өтініш қабылданды. Сынамалар зертханалық толық тексеруден өтіп, хаттамалары толтырылып, қортындылары, хаттамалары өтініш берген тұлғаларға тапсырылды.

Жылішінде Бактериологиялық және паразитологиялық 6862 зерттеу жасалынып, 299 зерттеуден оң нәтиже анықталды. Санитариялық-гигиеналық, радиологиялық зерттеулер зертханасында 25625 зерттеу жүргізіліп, 303 зерттеуден оң нәтиже анықталды.

Халыққа беріліп отырылған ауыз су сапасын зерттеудің нәтижесінде 366 сынаманың 12 сәйкессіздігі анықталды. Ауыз судың қауіпсіздігіне бактериологиялық зерттеулер зертханасында 452 сынама зерттеліп, сәйкессіздік анықталмаған. Демек, 2024 жылы су сапасының микробиологиялық көрсеткіштері таза, химиялық құрамы жоғарылаған, яғни түсі, темірі, ылайылығы жағынан сәйкессіз көрсеткіштер анықталмады. Техникалық регламенттер талаптарына бактериологиялық зерттеулерге 20 сынама, санитариялық зерттеулерге 25 сынама алынып, зерттеліп, 7 сынама ны таңбалаудан сәйкессіздік анықталды.

Төтенше жағдай кезінде жұқпалы ауру аймақтарында тәулік бойы халыққа дезинфекциялық қызмет көрсетілді. Зоопаразитарлық энтомология бөлімі бойынша ауданда есепте тұрған 42 елді мекен аумағында Конго қырым қанды безгегі ауруының алдын алу мақсатында зерттеулер жүргізіліп, зерттеу жұмыстардың нәтижесінде «ҰСО» ШЖҚ РМК ҚОФ-ның АҚИ зертханасына 3010 кене жиналып, ИФА әдісімен зерттеліп, қортындысында серопозитивті 50 дана кене анықталды, Серопозитивті кенелер ауданның бұрынғы есепте тұрған 3 елді мекенінен («Мәдениет», Жанқожа, Басықара), жаңадан 2 елді мекенінен (Ойынды, № 99 бет) анықталды. Қазіргі таңда қолайсыз елді мекендер қатарында 20 елді мекен есепте, - деді брифингте сөз сөйлеген «Ұлттық сараптама орталығы» Қызылорда облыстық филиалының Қазалы аудандық бөлімшесінің меңгерушісі Азиза Қосымова.

Ұлпан ІБРАШ,
«Тұран-Қазалы»

ЗАҢ МЕН ТӘРТІП: ҚОҒАМ ТҰРАҚТЫЛЫҒЫНЫҢ НЕГІЗІ

Қоғамның дамуы мен тұрақтылығы заң мен тәртіпке тікелей байланысты. Егер қоғамда заң үстемдік етсе, адамдардың құқықтары мен бостандықтары қорғалып, бейбіт өмір қамтамасыз етіледі. Керісінше, заңсыздық орын алса, ел ішінде тұрақсыздық туындап, азаматтардың қауіпсіздігіне қатер төнеді. Сондықтан кез келген өркениетті мемлекет заң мен тәртіпті сақтауды басты міндеттерінің бірі ретінде қарастырады.

Заңның рөлі. Заң – мемлекет пен қоғамның іргетасы. Ол адамдар арасындағы қарым-қатынасты реттеп, әрбір азаматтың құқығы мен міндетін айқындайды. Құқықтық нормалардың болуы қоғамдағы әділеттілікті орнатуға мүмкіндік береді. Егер заң болмаса немесе оны ешкім сақтамаса, хаос пен анархия пайда болып, адамдардың еркіндігі шектеледі.

Заңның басты мақсаты – қоғамдық тәртіпті сақтау және әділдікті қамтамасыз ету. Ол мүлктік, әлеуметтік, саяси және жеке құқықтарды қорғайды. Әсіресе, демократиялық елдерде заң азаматтардың еркіндігін шектемей, керісінше, олардың құқықтарын қорғау үшін қызмет етеді.

Тәртіптің маңызы. Тәртіп – заңның орындалуын қамтамасыз ететін негізгі құралдардың бірі. Егер адамдар заңға бағынбай, қоғамдық ережелерді елемейтін болса, қоғамдағы тәртіп бұзылады. Сондықтан әрбір азаматтың заң талаптарын орындауы, белгіленген нормалар мен ережелерге бағынуы өте маңызды.

Тәртіптің сақталуы келесі маңызды аспектілерді қамтамасыз етеді:

1. Қауіпсіздік – заң мен тәртіп сақталатын елде адамдар өздерін қауіпсіз сезінеді.

2. Тұрақтылық – экономикалық және әлеуметтік даму үшін қоғамда тұрақтылық қажет.

3. Әділеттілік – заң бәріне ортақ болғандықтан, әркім тең құқыққа ие болады.

4. Мәдениет пен жауапкершілік – заңға бағыну азаматтардың құқықтық мәдениетін қалыптастырады.

Заң мен тәртіпті сақтаудың жолдары.

Қоғамда заң мен тәртіпті сақтау үшін мемлекеттік органдар мен азаматтардың бірлесе әрекет етуі қажет. Бұл бағытта бірнеше маңызды шараларды атап өтуге болады:

• Құқықтық білім беру – азаматтардың заңдарды білуі және түсінуі олардың құқықтарын қорғауға және міндеттерін орындауға көмектеседі.

• Құқық қорғау органдарының тиімді жұмысы – полиция, сот жүйесі, про-

куратура сияқты мекемелер заңның орындалуын қамтамасыз етеді.

• Қоғамдық сананың қалыптасуы – әрбір азамат заңды сақтауға жауапты екенін түсінуі керек.

• Жазаның әділдігі – заң бұзушыларға әділ жаза қолдану заңға деген құрметті арттырады.

Қорытынды.

Заң мен тәртіп – кез келген мемлекеттің дамуы мен өркендеуінің кепілі. Құқықтық нормалар мен ережелер сақталатын қоғамда адамдар бейбіт және қауіпсіз өмір сүреді. Сондықтан әрбір азамат заңға құрметпен қарап, оны орындауға жауапкершілікпен қарауы тиіс. Бұл – өркениетті және тұрақты қоғам құрудың басты шарты.

Еркебұлан ҚАНАТБЕК,
Қазалы ауданы
прокуратурасының
прокуроры

●Елдік-елге мұра

ҚАНДЫАҒАШТАҒЫ ШАЙҚАС

Жанқожа батырға қыр шектісі Көтібардың Есеті, Өзберген Шынтемір, Сарбастан, Матайдан хабар келеді. Олар дайындалып кел, Қандыағашта орыс патшасының әскерімен соғысамыз, - дейді.

Хабарды алысымен Жанқожа батыр 350 адамды жасақтап, Қандыағашқа жібереді. Өзі суыт жүріп, Сырға келіп әскер жасақтап, «Артымнан келерсіңдер», - деп Ырғызға қайтып барады. Жауқашар, Бекерхан, Қазымен бірге 150 адамды жинап алып Қандыағаштағы Есетке қосылады. Патша әскерінің мақсат-бағдарын білу үшін Ақтөбедегі бекініс салып жатқан патша әскерінің арасына бірнеше жансызды жібереді. Олар бекіністе бұрыннан жұмыс істеп жатқан жергілікті қазақтарға араласып, тапсырмасын орындап жүре береді. Жұмысқа кірген қазақ жұмысшыларына орыс жұмысшылары «Орыс патшасы кіші жүзді еріксіз бағындырып алу үшін іс-қимыл жасап жатыр», - деп патшаның құпия сырын айтып қояды. Қандыағашқа бекініс салуға әскер келетінін жансыздар батырға айтып келеді.

Жанқожа, Есет батырлар екі мың әскер жинап, егер орыс әскері Қандыағашқа бекініс салмайтын болса, онда Ақтөбедегі бекініс салып жатқан әскерге шабуыл жасап, бекіністі қиратып, патша әскерін ол маңайдан қуамыз, - деп уәделеседі.

Жансыздардың айтқан сөзі рас болады да екі-үш күннің ішінде генералдың өзі бастап 1000 солдатпен Қандыағашқа келе жатады. Генералды

Қандыағашқа адастырмай алып баруы үшін қазақ жансыздары басшы болып жүреді. Олар генералды ашық жермен алып жүреді. Өйткені ашық жерде қазақ батырларының әскері жақсы соғысады.

Қандыағашқа барған соң генерал 500 солдатты сол жерге қалдырып, 500 әскерімен Жем өзенін көріп келуге жүріп кетеді. Бұл хабарды жансыздар Жанқожа мен Есетке жеткізеді. Жанқожа батырға мың қолмен Байқадам, Шөмекей Қыстаубай, Жақайым Толыбай, Қаракесек Ақтан батырлар келіп қосылады.

Жем бойына кеткен генералдың оралуын күтпей Қандыағашқа келген 500 орыс әскері қару-жарақ, оқ-дәрі, азық-түлік құрылысын бастап жатқанда, екі мың әскермен Жанқожа мен Есет батыр шабуыл жасайды. Патша әскері 500 мылтықтан бірдей оқ атқанда қазақ әскері тұрып қалады. Сол кезде Жанқожа батыр қылышын қынабынан суырып, Ақтабан атын тепсініп оқ атып тұрған орыс әскерінің ортасына қарай ұмтылады. Қаншама бораған оқ не батырдың өзіне, не атына тимейді. Осы кезде Ақтан, Байқадам, Қыстаубай, Толыбай батырлар да әскерімен ортаға кіріп, соғысқа араласады. Орыс әскері жеңіледі. Бұл соғыста орыс әскерінен 120 адам өліп, 80 адамы жаралы болады. 300-і тірідей қолға түседі. Қару-жарақ, оқ-дәрі, азық-түлік қазақ әскерінің қолына көшеді.

Қазақ жасағы Жемге кеткен генералды күтеді. Ертеңіне сәскеде Қандыағашқа жақындаған генерал ойламаған жерден қазақтың мол әскерін көріп, бір

сұмдықтың болғанын сезеді де Ақтөбеге қарай қашады. Оны тірідей қолға түсіру мақсатымен Жанқожа батыр генералдың ізіне түседі. Ақтабан атымен генералды ұзаққа жібермей-ақ ұстауға таянғанда генералдың қорғаушылары Жәкеңе жабылып, атының алдын кескестеп ілгері бастырмайды. Батыр жақын келгендерін шаншып түсіре бергенмен, қорғаушылардың көмегімен генерал ұзап кетеді де соңынан жеткен батырдың серіктері генералдың қорғаушыларымен шайқасады. Екі жақтан да шығын көп болады. Соғыс аяқталысымен батыр кеңес құрады. Кеңесте қолға түскен тұтқынның бәрін қырып тастау керек деп ұйғарады.

Сонда Жәкең: «Сарбаздарым олай болмасын. Аласқапта өлгені өлді. Ал қолға түскен тірісі мен жаралысын өлтірмейік. Жаппай бәрін қырып тастағанмен орыс таусылама? Оның үстіне діні басқа болғанмен өздеріндей адам баласы емес пе? Бұлардың да сендер сияқты балашағасы бар. Барлығын көміп тастағанмен қара жер тоя ма? Және осылардың бәрі өз еріктерімен келіп сендермен жауласқан жоқ қой. Басында еркі жоқ ықтиярсыз жүрген солдаттар ғой. Қарапайым жандардың обалына қалып, қанын мойынға жүктеудің қажеті жоқ. Сондықтан тұтқындарға еліне жететіндей етіп азық-түлік беріп, жаралыларына міндетін және азығын артатын көлік тауып еліне қайтару керек. Сосын Ақтөбе бекінісіне аттаңғанымыз жөн. Бірақ олар бекініп қалса, онда алу қиын. Ол кезде біздің шығын көп болады. Сондықтан осы арада

он-он бес күн күтейік», - дейді батыр.

Жанқожаның ақылын бәрі де мақұлдап қолға түскен үш жүзден астам солдатты азық беріп көлікпен Ақтөбеге жөнелтеді. Өлімнен құтқарған Жанқожаға солдаттар алғысын айтады және батырдың адал, әділ адам екеніне олардың көзі жетіп кетеді. Олар Ақтөбеге барғанда генерал Орынборға хабар жіберіп, «Қандыағашқа баруға болмайды. Өйткені онда қазақтардың жасағы біздің әскерді қырып салды. 400 солдаттымыз тұтқында қалды. Ол жақ өте қауіпті», - деп хабар жіберіпті. Солдаттарын көрген генерал қуанып, бір командирінен: «Сендер тұтқыннан қалай босандыңдар?», - деп сұрайды.

- Біздерді астымызға көлік беріп мінгізіп, азық беріп босатқан қазақ батыры Жанқожа оқ дарымайтын ержүрек қолбасшы екен. Бізді әдепкі қоршауға алғанда оларды өзімізге жақындатпай мылтықтан оқ жаудырдық. Сол оққа қарамастан батыр қылышын көтеріп бізге қарай шапты. Біз жабыла аттық. Сонда не өзіне, не атына оқ тимейді. Оған оқ өтетін емес. Біз соны көрдік. Ал азаматтығы мен адалдығы, мейірімділігі мен шапағаты мол. Басқа батырлар бізді қырып тастау керек дегенде, олардың айтқанын қылмай еркіндікке босатып жіберді. Оның бұл жақсылығын ешқашан ұмытпауымыз керек, - дейді.

Сонымен патша әскері Қандыағашқа қарай барудан бас тартқан. Ал генерал егер Жанқожа біреу болса тимей-ақ қояйық, қартайып өзі-ақ дүниеден өтер деген екен.

Жеткербай МАХАМБЕТ

ЕУРОХАТТАМА РӘСІМДЕУДІҢ ТӘРТІБІ

"Еурохаттама" жол полициясын шақырмай ЖКО ресімдеуге және сақтандыру компаниясынан тез өтемақы алуға мүмкіндік береді. Оны пайдалану үшін мобильді қосымшаны AppStore және GooglePlay дүкендерінен тегін жүктеп алу жеткілікті. Ол арқылы Қазақстан Республикасының резидентрезистерін қоса алғанда, жеке тұлғалар үшін де, заңды тұлғалар үшін де сақтандыру жағдайын ресімдеуге болады.

15 минут ішінде ЖКО ресімдеу.

"Еурохаттама" арқылы ЖКО ресімдеу рәсімі бюрократиялық кедергілерді барынша азайта отырып, уақытты айтарлықтай үнемдейді. Жол полициясына қоңырау шалудың болмауы кідірістер мен оқиға орнында күтуді болдырмайды. Жәбірленуші тарап сақтандыру компаниясына өтініш беру үшін құжаттарын жинау мен айналыспайды, бұл әдетте стандарты процедура болады. Үлкен ар-тықшылықтардың ішінде "Еурохаттаманы" қолдану көлік қозғалысының тоқтап қалуына байланысты кептелістерді болдырмауға көмектеседі, бұл жолдардағы қолайлы жағдайларға ықпал етеді.

Қандай шарттары бар?

ЖКО қатысушыларының мобильді нөмірлері "мобильді азаматтар базасында" тіркелген;

2025 жылға зардап шеккен тарапты жөндеу сомасы 393 мың теңгеден аспайды (100 АЕК-тен жоғары емес);

Азаматтардың өміріне немесе денсаулығына зиян келтірілмеген;

ЖКО нәтижесінде тек көлік құралдары ғана бүлінген (басқа мүлікке зиян келтірместен);

Апатқа қатысушылардың екеуінде де қолданыстағы міндетті автосақтандыру полистері бар;

Жүргізушілер арасында жол апатының зақымдану тізбесі мен жағдайларына қатысты келіспеушіліктер жоқ.

Қадамдық нұсқаулық.

ЖКО қатысушылары мобильді қосымшада авторизациядан өтеді;

Декларация сауалнамасын толтырыңыз;

Жеке басы және көлік құралы сандық сәйкестендіруден өтеді;

Жәбірленушіге сақтандыру төлемін анықтаумен көлік құралының залал мөлшері бағаланады;

Сақтандыру төлемдері 6 күн ішінде түседі.

Әзірлеуші кім?

Жаңа сервисті Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қоры (СТКБҚ) Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігімен және сақтандыру компанияларымен бірлесіп құрды. Қор 20 жылдан астам уақыт бойы сақтандыру ұйымдарының клиенттерін және олардың сақтандыру төлемдерін сенімді қорғайды.

**Қазалы аудандық сотының
баспасөз қызметі**

«ҚАЗАЛЫ АУДАНЫНЫҢ ЭКОНОМИКА ЖӘНЕ ҚАРЖЫ БӨЛІМІ» КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ БАСШЫСЫНЫҢ ЖЕКЕ ТҰЛҒАЛАРДЫ ЖӘНЕ ЗАҢДЫ ТҰЛҒАЛАРДЫҢ ӨКІЛДЕРІН ҚАБЫЛДАУ КЕСТЕСІ

Аты – жөні, әкесінің аты	Лауазымы	Қабылдау күні мен уақыты	Қабылдау орны, мекен – жайы	Байланыс телефоны
Жарылқап Бақытжан Дүзелбайұлы	Қазалы ауданының экономика және қаржы бөлімінің басшысы	Бейсенбі жергілікті уақыт бойынша сағат: 16:00- 18:00	Әйтеке би кенті, Ж.Нұрмұхаммедұлы көшесі, №131	79-2-80 (6930)

ҚАЗАЛЫ АУДАНДЫҚ САНИТАРИЯЛЫҚ-ЭПИДЕМИОЛОГИЯЛЫҚ БАҚЫЛАУ БАСҚАРМАСЫНЫҢ БАСШЫЛАРЫНЫҢ АЗАМАТТАРДЫ ҚАБЫЛДАУ КҮНДЕРІНІҢ КЕСТЕСІ

№	Аты-жөні, тегі, лауазымы	Қабылдау күндері	Қабылдау уақыты	Мекен жайы, жұмыс телефоны
1	Майра Ршимбетова, басқарма басшысы	сәрсенбі	сағат 16.00- 18.30	Әйтеке би кенті, Жалаңтөс батыр көшесі, №42. 8(72438) 21-5-18
2	Ақмарал Есенеева, басқарма басшысының орынбасары	бейсенбі	сағат 16.00-18.30	Әйтеке би кенті, Жалаңтөс батыр көшесі, №42. 8(72438) 21-5-18

Дни приема граждан руководителями Казалинского районного управления санитарно-эпидемиологического контроля

№	Ф.И.О. должность	Дни приема граждан	Время приема граждан	Адрес, рабочие телефоны
1	М.Ршимбетова, руководитель управления	среда	час 16.00-18.30	Кент Айтеке би, ул.Жалантос батыр №42. 8(72438) 21-5-18
2	А.Есенеева, заместитель руководителя	четверг	час 16.00-18.30	Кент Айтеке би, ул.Жалантос батыр №42. 8(72438) 21-5-18

Қазалы аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының «Сенім телефоны»

№	Мекеменің атауы	Сенім телефоны
1	ҚР ҰЭМ СЭББ, Қызылорда облысы СЭББ, Қазалы аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы	8(72438) 21-5-18

«Телефон доверия» управления санитарно-эпидемиологического контроля Казалинского района

№	Найменование органа	Телефон доверия
1	Республиканское государственное учреждение «Департамент санитарно-эпидемиологического контроля Кызылординской области комитета санитарно-эпидемиологического контроля МЭРК	8(72438) 21-5-18

Қазалы аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының «Ашық есік күндерін» өткізу кестесі

№	Мекеменің атауы	Өткізу күні мен уақыты	Өткізу орны
1	Қазалы аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы	Әр айдың соңғы жұмасы сағ: 9.00-18.00	Әйтеке би кенті, Жалаңтөс батыр көшесі, №42 үй

График проведения «Дня открытых дверей» управления санитарно-эпидемиологического контроля Казалинского района

№	Найменование органа	Дни время проведения	Место проведения
1	Управления санитарно-эпидемиологического контроля Казалинского района	Последняя пятница месяца с 9.00 до 18.00ч	Кент Айтеке би ул. Жалантос батыра №42

Меншік иесі: «ТҰРАН-ҚАЗАЛЫ»
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

ДИРЕКТОР
Нұрбол ӘЛМӘМБЕТОВ

БАС РЕДАКТОР
Раушанбек СЕЙТЕНОВ

Газет Қазақстан
Республикасының Ақпарат
Министрлігінде 2004 жылғы
15 наурызда тіркеліп, №4801-г
куәлігі берілген

Газет аптасына екі рет: сәрсенбі және сенбі күндері шығады.
Газет «Тұран-Қазалы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің баспаханасында компьютермен теріліп, беттеліп, офсеттік тәсілмен басылды.

Редакция мен баспаханың мекен-жайы: 120400, Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Әйтеке би кенті, Қ.Пірімов көшесі, №14 үй.

Телефондар: директор - 2-17-49, бас редактор - 2-47-77, бухгалтер -2-60-94, факс 8 (724-38)2-17-49.

Тарату аумағы: Қызылорда облысы.

Газет табыс етілмесе, 2-13-91 телефонына хабарласуға болады.

Жариялымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Е-MAIL: tooturankazaly@mail.ru

Таралымы 11227 дана.